

Бекбулатова Индира Усеинқызының
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашақ
информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын
тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге байланысты проблемалар жиынтығы бар екендігі...» көрсетіліп, «республикадағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай - 10%, 2017 жылға қарай - 15%, 2020 жылға қарай - 20%)» жеткізу нысаналы индикатор ретінде міндеттелген.

Қазіргі таңда бағдарламада көрсетілген межеге жету мақсатында 2015 жылдың қарашасында «Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» бекітіліп, елімізде үш тілді білім беруді іске асыру мақсатында ауқымды іс-шаралар іске асырылуда. Аталған «Жол картасында» 2016 жылдан бастап жоғары білім берудің оқу бағдарламаларына оқытудың барлық кезеңдерінде ағылшын тілін оқыту курсын жүргізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар ендіру, 2020-2021 жылдары мектептерде «Информатика», «Физика», «Химия» және «Биология» пәндерін ағылшын тілінде оқытуды (білім беру ұйымдарының алқалық шешімінің негізінде таңдау бойынша) енгізілетіндігі белгіленген.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары оқу орнындағы қазіргі қалыптасқан ахуал туралы «Студенттерді үш тілде оқыту бағдарламаларымен қамту төмен деңгейде болып отыр. Студенттердің де, сондай-ақ оқытушылардың да тілдік құзіретін жоғарылатуға қажеттілік бар. Ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуды ғылыми – әдістемелік қамтамасыз ету жеткіліксіз дәрежеде әзірленген...» деп атап өтілгені мәлім. Ал бұл болса, болашақ мамандарды кәсіби даярлауда үш тілділікті дамыту және оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселесін зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Осыған орай жоғары білім беру жүйесінде болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың ғылыми тұрғыдан зерттелуі қоғамдық қажеттілік болып табылады. Өйткені болашақ мұғалімнің ағылшын тіліндегі пәндерді жетік меңгеруі нәтижесінде коммуникативтік әлеуетінің қалыптасуы олардың кәсіптік, әлеуметтік пайдасына жаратуы үшін ғана емес, кәсіби тұрғыда да үлкен мәнге ие. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік

әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру негізінде олардың кәсіби даярлығын жетілдіріп қана қоймай, олардың тілдік, интеллектуалдық, шығармашылық мәдениетін дамытуға әбден болады.

Ағылшын тілін оқытудың мәселелері қарым-қатынас құралы тұрғысынан шетелдік зерттеушілер (Е. Hatch, R. Oxford, A.Hadley, N.Stanton, W.Gudykunst және т.б.) еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде өзгермелі қоғам жағдайында ағылшын тілін оқытуды заманауи озық тәжірибелер негізінде түрлендіру қажеттілігі айтылған.

Болашақ маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздерін, ерекшеліктері мен функцияларын педагог ғалымдар Білім беру саласы ғалымдары (В.И.Андреев, Ю.К.Бабанский, Н.В.Кузьмина, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, А.В.Усова, Н.Д.Хмель және т.б.) жан-жақты зерттеген. Оның құрылымын негіздей отырып, маман іс-әрекетінің кәсіби бағдарын, студенттердің шығармашылық және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік негізделген бағыт ұсынады.

Ақпараттық қоғам мен білім беруді ақпараттандырудың теориялық әдіснамасы Д.Белл, М.Кастельс, М.П.Лапчик, В.М.Монахов Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Ж.А.Қараев және т.б., болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық даярлықтарын жетілдіру және информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі С.М.Кеңесбаев, Н.Исабек, Ж.К.Нұрбекова, С.А.Жолдасбекова, А.Е. Сағымбаева және т. б.; ақпараттық технологияны пайдалану арқылы білімгерлердің танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Г.Қ.Нұргалиева, А.К.Мыңбаева және т. б.; болашақ мамандарды кәсіби даярлауды жетілдіруде құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі, болашақ мамандардың ақпараттық-қатынастық технологияларға даярлығы, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру Д.М.Жүсіпалиева, С.Н.Лактионова, К.М.Беркимбаев, Б.Д.Сыдықов, С.Е.Чакликова, С.Т.Мұхамбетжанова және т. б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруде арнайы пәндер мазмұнын оқыту тиімділігін арттыру мәселесі В.И.Тесленко, Ш.Таубаева, А.Б.Абибуллаева, М.С.Молдабекова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Болашақ мамандардың жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру, қарым-қатынас психологиясының аспектілері, ерекшеліктері М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Х.Т.Шерьязданова, С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева, Н.Б.Жиенбаева, М.Ә.Перленбетов зерттеулерінде, педагогикалық іс-әрекеттің этномәдени аспектілері К.А.Оразбаева, Ұ.М.Әбдіғапбарова, С.Н.Жиенбаева және т.б. еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Тұлғалық және кәсіби-педагогикалық әлеует (Ю.В.Сметанова, Л.И.Иванько, И.П. Подласый, Н.Э Пфейфер және т.б.); зияткерлік және білімдік әлеует (Т.Ф.Красноженова, Ж.Т.Кенжебаева және т.б.), шығармашылық

әлеует (К.К.Жумадирова, Е.П.Гоголев және т.б.), тәрбиелік әлеует (Г.А.Юрина, Н.Е. Кожанова және т.б.), эмоционалдық және деонтологиялық әлеует (А.Н.Луточкин, Г.М. Кертасова және т.б.) және т.б. әлеуеттілікке қатысты мәселелер де зерттеуден тыс қалмаған.

Біздің зерттеу тақырыбымызға жақын коммуникативтік әлеует мәселесі Н.И.Шевандрин, М.Х.Балтабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылса, көптілді білім беру түрлі аспектілері К.Н.Булатбаева, З.К.Ахметжанова және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдаулар және практикадағы қазіргі жағдайды саралау, осы уақытқа дейін болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру мәселесіне зерттеулер жүргізілмегенін, тек қана оның жеке аспектілері қарастырылғандығын және мынадай **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетті:

- ағылшын тілін қарым-қатынас құралы тұрғысынан еркін меңгерген мұғалімге қоғам сұранысының артуы мен жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерге ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудың бүгінгі жағдайы арасында;

- болашақ информатика мұғалімінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастырудағы ағылшын тіліндегі пәндердің мүмкіндіктері мен оның кәсіби даярлықта толығымен пайдаланылмайтындығы арасында;

- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық және әдістемелік негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі арасында.

Аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты **«Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперименттен өткізу.

Зерттеудің нысаны: Жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы.

Зерттеудің пәні: Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру.

Зерттеудің болжамы: *егер* болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың теориялық негіздері анықталып, моделі жасалып, оның тиімділігі педагогикалық шарттар арқылы оқу үдерісінде жүзеге асырудың әдістемесі негізінде практикаға ендірілсе, *онда* болашақ информатика мұғалімдерінің ағылшын тіліндегі коммуникативтік іс-әрекеттік сапасы артады, өйткені олардың осы тілдегі пәндік тілдік қорының молаюына,

коммуникативтік креативтілігінің жоғарылауына, шығармашылығының, сөйлеу мәдениетінің дамуына мүмкіндік туады.

Зерттеудің міндеттері:

- «коммуникативтік әлеует» ұғымының мәні мен құрылымын анықтау;
- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың психологиялық аспектілерін айқындау.
- жоғары оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың моделін жасау, педагогикалық шарттарын анықтау;
- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы болашақ мұғалімдердің ағылшын тілін кәсіби қарым-қатынас барысында пайдалануы жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық барысында жетілдірілген қарым-қатынасқа қабілеттілігі, жүйелі меңгерген коммуникативтік іскерліктері мен дағдыларына байланысты.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып білім беру жүйесінің философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-техникалық негіздері; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру проблемалары; кәсіптік білім беру; білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық және философиялық тұжырымдары мен ұстанымдары, жеке тұлғаны дамыту саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері саналады.

Зерттеудің әдістері:

- теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, синтездеу, топтастыру);
- эмпирикалық (сауалнама, әңгімелесу, бақылау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар: анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент)
- статистикалық (зерттеу нәтижелерінің сенімділігін математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдау негізінде «коммуникативтік әлеует» ұғымының мәні мен құрылымы анықталды.
- болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың моделі жасалды және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталды;
- жоғары оқу орындарында болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың әдістемесі жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыруға арнап даярланған оқу-әдістемелік кешен оқу үдерісіне ендірілді:

- «Білім берудегі қолданбалы бағдарламалар» атты оқу-әдістемелік құрал;

- «Information technologies for professional purposes» атты электронды оқу құралы (Авторлық куәлік №1854. 25.08.2016ж.);

- «Ағылшын тілін оқытудың коммуникативтік әдістері» атты оқу құралы.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1 «Коммуникативтік әлеует» ұғымының мәні мен оның аясындаанықталған болашақ информатика мұғалімінің коммуникативтік іс-әрекет мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартын, білім беру бағдарламаларын толықтыратын білім ретінде қарастырылады және оны қалыптастыру үдерісі коммуникативтік білімнің, дағдының, жеке тұлғалық коммуникативтік қасиеттердің үйлесімді бірлігі негізінде жүзеге асырылады.

2 Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру *моделі* мақсаттың, міндеттердің, компоненттердің, кезеңдердің, мазмұнның, құралдардың, өлшемдер мен көрсеткіштердің, деңгейлер жиынтығын құрайды.

3 Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру моделін іске асыратын педагогикалық шарттар*психологиялық-педагогикалық шарттардан* (болашақ информатика мұғалімінің кәсіби сапалары, білімгерлердің мақсаттары мен мотивтері), *оқыту мазмұнынан* (Ағылшын тілі, Тұлғааралық коммуникация психологиясы, Кәсіби бағытталған ағылшын тілі пәндерін оқыту, оқу тобындағы жағымды микроклимат); *ұйымдастыру шарттарынан* (білім беру үдерісінің материалдық техникалық жарақтандырылуы, білімгерлердің аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарының үйлесімділігі); *дидактикалық шарттардан* (дидактикалық ұстанымдарды сақтау; мақсатқа сәйкес оқыту формалары мен әдістерін таңдау) тұрады. Осы педагогикалық шарттар болашақ мұғалімдердің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру моделін тиімді іске асыруға септігін тигізеді.

4 Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру *мазмұны*мен оны жүзеге асыруға арналып жасалған оқу-әдістемелік құралдар болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік білімін толықтыруға және кәсіби маңызды коммуникативтік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды: «Ғылым және білім берудің теориялық және қолданбалы мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Тамбов, 2014); «Қазіргі ғылымның теориялық және қолданбалы аспектілері» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. (Белгород, 2015); «Шығармашылық мамандық педагогтарының кәсіби даярлығы: ізденістер, үрдістер және болашақта күтілетін нәтижелер» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Түркістан, 2015); «Технологиялардағы және білім берудегі инновация» атты Халықаралық

ғылыми - тәжірибелік конференция (Белово, 2015); «Қазіргі заманғы педагогика және психология: пікірлер мен шешімдер» атты студенттерге, аспиранттарға және жас ғалымдарға арналған XI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Москва, 2016).

Жарияланымдар: Диссертациялық жұмыстың мазмұны 20 еңбекте жарық көрді. Оның 7-уі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1-і Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 5-еуі халықаралық конференциялар (оның 4-еуі шетелдік), 2-еуі Россия Федерациясының ғылыми журналдарында, 1-еуі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың еуропалық журналда, 1-еуі – республикалық конференцияда; 1 оқу құралы, 1 электрондық оқулық, 1 оқу-әдістемелік құралы жарық көрді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы: Диссертация мазмұнын кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар құрайды. Жұмыс 172 беттен және 16 суреттерден, 16 кестеден тұрады.